

6D110400 – «Фармация»

мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант

Койлыбаева Молдир Кудайбергеновнаның

«Пробиотигі бар коллагенді мембранны алу технологиясы, биологиялық зерттеу және стандарттау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Молдир Кудайбергеновна Койлыбаеваның «Пробиотигі бар коллагенді мембранны алу технологиясы, биологиялық зерттеу және стандарттау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы «ҚазҰМУ» КеАҚ ғылыми-зерттеу жоспарына сәйкес университеттің №0116RK00073 «Биологиялық препараттарды әзірлеу мен зерттеудің фармацевтикалық және фармакологиялық аспекттері» ғылыми жобасы аясында орындалған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандагы № 725 «Дені сау ұлт» әрбір азаматына сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» Ұлттық жобасының 3. «Қолжетімді дәрілік заттар мен отандық өндірістің медициналық бұйымдары» және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ғылымды дамыту тұжырымдамасының «Өмір және денсаулық туралы ғылым» ғылымының басым дамуының бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасының ғылымына жеткілікті үлес қосады. Оның медицина және фармациядагы ғылыми-практикалық маңызы диссертациялық жұмыста жақсы ашылған және алынған экспериментальды зерттеу нәтижелерімен негізделген. Диссертациялық жұмыста қазіргі таңда басымдылыққа ие болып отырган мәселелер: Қазақстанның фармацевтикалық нарығының дәрілік препараттар импортына тәуелділігін төмендетуді қамтамасыз ету мақсатында</p>

			отандық ресурстарды пайдалана отырып, отандық препараторлардың үлесін арттыруға бағытталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ұсынылған диссертациялық жұмыста ізденуші өзі жазудың жогары деңгейін көрсетті. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық нәтижелерін ізденуші өз бетінше алған, бұл автордың фармация саласындағы ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетеді. Ұсынылған нәтижелердің, негізгі ережелердің, диссертациялық жұмыста тұжырымдалған қорытындылардың сенімділігі тәжірибелік материалдардың айтарлықтай көлемімен дәлелденген және қазіргі заманауи әдістерді пайдалана отырып, зертханалық жағдайда жүргізілген өз зерттеулерінің нәтижелерімен толық дәлелденген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі 2021-2025 жылдарға арналған негізгі міндеттерінің бірі отандық фармацевтикалық өндірісінің үлесін 50 % -ға дейін ұлғайтуға бағытталған «Салауатты ұлт» Ұлттық жобасына сәйкес негізделген. Осы мақсатта, халықты қауіпсіз, тиімді, сапасы жогары дәрілік препаратормен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады. Молдир Кудайбергеновна Койлыбаеваның «Пробиотигі бар коллагенді мембранны алу технологиясы, биологиялық зерттеу және стандарттау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы фармацевтика ғылымы мен өндірісі үшін өзекті болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды 1) <u>айқындаиды;</u> 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның негізгі мазмұны мәлімделген тақырыпты толығымен айқындаиды. Диссертацияның құрылымы әдебиеттерге шолу, материалдар мен зерттеу әдісіне арналған тарау, өз зерттеулері, қорытынды және пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u>	Зерттеудің койылған мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді.

		<p>2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әрбір келесі бөлімі алдыңғы бөліммен логикалық байланысқан, өзіндік дәйектілігі бар және жұмыс ішкі бірлік принципіне сүйене отырып рәсімделген. Диссертацияда зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін зерттеу материалы мен әдістерін және нәтижелерді талдаудың статистикалық әдістерін жеткілікті түрде таңдаумен сипатталатын тәртіп байқалады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыны талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған және пробиотигі бар коллагенді мембранныардың фармацевтикалық негіздемесі жүзеге асырылған, зерттеу нәтижелері отандық дәрілік заттардың ассортиментін ұлғайтуға ықпал етеді, бұл Қазақстан Республиканың фармацевтикалық нарығының импортқа тәуелділігін төмендетеді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін фармацияда және дәрілік технологияда колдануға болады.</p>
5.	Фылыми принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Алынған фылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа, себебі алғаш рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Bacillus spp.</i> штамдарының морфологиялық, культуралдық, биохимиялық және молекулалық генетикалық қасиеттері анықталынды. - <i>Bacillus spp.</i> штаммдарының патогенді және шартты патогенді штаммдарға қарсы антигонисті белсенділігі, антибиотиктерге төзімділігі және өмірге қабілеттілігі анықталды. - "Бациколл" шартты атауындағы коллагенді мембранның онтайлы құрамы мен тиімді технологиясы құрастырылды және сапасын бағалау, сактау уақытындағы тұрақтылығына зерттеулер жүргізді. - «Бациколл» шартты атаудағы коллагенді мембранның қауіпсіздігі және жараны жазатын

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>фармакологиялық әсері анықталынды.</p> <p>Жоғарыда көлтірілген нәтижелер мен тұжырымдар ізденушінің эксперименттік зерттеулеріне негізделген, яғни диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады, диссертацияның ғылыми жаңалығы күмән тудырмайды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автормен ұсынылған технологиялық шешімдер толығымен жаңа болып табылады және құрастырылған нормативті құжаттармен, енгізу актілерімен негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Bacillus subtilis</i> пробиотикалық штаммының лиофилизатына НҚ жобасы әзірленді; - «Бациколл» шартты атауындағы коллагенді мембранның НҚ жобасы әзірленді; - «Бациколл» шартты атауындағы коллагенді мембранның тәжірибелік өндірістік регламенті жасалынды; - Пробиотигі бар коллагенді мембраналардың алу тәсілін «Антigen» ЖШС ғылыми-өндірістік базасына енгізілді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u>	Ғылыми зерттеу заманауи талаптарға сәйкес орындалған. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі талданған материалдың үлкен қөлемімен және ізденушінің жеке зерттеулерінің нәтижелерімен расталады, қорытындылар алынған эксперименттік деректердің ғылыми маңызды дәлелдеріне негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді мей?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;</p>	<p>Қорғауға шығарылған қағидаттар дәлелденген. Диссертациялық жұмыста бөліп алынған штаммдардың биологиялық және микробиологиялық зерттеулерінің және химиялық құрамының зерттеулерінің нәтижелері берілген;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Коллаген негізіндегі пробиотикалық

		<p>4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>мембраналардың фармацевтикалық негізdemесінің нәтижелері; - «Бациколл» шартты атауындағы коллагенді мембраналардың қауіпсіздігі мен фармакологиялық белсенділігін зерттеу нәтижелері. Қағидаттар тривиальды емес. Қорғауга шығарылатын диссертациялық зерттеудің барлық қағидаттары жаңа болып табылады және диссертация қорытындысымен сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша 15 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: Scopus деректер базасына енгізілген халықаралық журналдардағы мақалалар – 1; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар – 4; Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар – 10.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия;</u> 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу әдістемесін таңдау негізделген және жеткілікті түрде сипатталған. Пайдаланылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың «Зерттеу материалдары мен әдістері» бөлімінде толығымен сипатталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды пайдалана отырып деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды. Зерттеу жұмыстары С. Ж. Асфендияров атындағы «Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ (Алматы қ., Қазақстан Республикасы), Б. А. Атчабаров атындағы «Іргелі және қолданбалы медицина ғылыми зерттеу институты» (Алматы қ., Қазақстан Республикасы), Гданьск медициналық университеті (Гданьск қ., Польша) және «Антиген» ЖШС ғылыми өндірістік базаларында орындалған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінara расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен тұжырымдары автордың ғылыми-зерттеу нәтижелерімен дәлелденген және ғылыми жарияланымдарға шыгарумен расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған және автор тұжырымдарының дәлелдерін көлтіреді.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 170 дереккөздің жеткілікті саны бар, олардың кем дегенде 75% іздеу тереңдігі 5 жылдан аспайды, негізінен алыс шетел авторлары. Библиографиялық тізім ізденушіге зерттеудің өзектілігін негіздеуге мүмкіндік берді.</p>
9	Практикалық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация теориялық маңыздылыққа ие, диссертациядағы әдеби және ғылыми эксперименттік деректер ғылыми еңбектерді дайындауда және оқу процесінде қолданылады.</p> <p>Ережелер мен қорытындыларды фармацевтика саласының мамандары, сонымен қатар фармацевтика қызметкерлерінің практикалық қызметінде пайдалана алады.</p> <p>Практикага арналған ұсынымдар толығымен жаңа және тәжірибелік, ғылыми фармацияда қолданылуы мүмкіндігі жоғары. Отандық шикізат ресурстарын пайдалана отырып, отандық өндіріс күштерін арттыруға, соның ішінде сыртқа қолданылатын заманауи препараттарды әзірлеуге мүмкіндік береді.</p>
		Академиялық жазу сапасы:	Молдир Кудайбергеновна Койлыбаеваның «Пробиотигі бар коллагенді мембранны алу
		10. Жазу және ресімдеу сапасы	

	<p>2) ортаса; 3) орташадан төмөн; 4) төмөн.</p>	<p>технологиясы, биологиялық зерттеу және стандарттау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде, сондай-ақ ғылыми жаңалыққа ие және практикалық маңызы бар, аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмыстың құрылымы келесі бөлімдерден: кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдар мен әдістерінің сипаттамасы, зерттеу нәтижелері, әр бөлімге берілген тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің барлық талаптарына сәйкес келеді және автор 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты.</p>
--	---	---

Ресми рецензент:

Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми
орталығы АҚ, Микробиология
зертханасының мемлекеттік
Мамандар белгімінің басшысы
Начальник отдела кадров



А.Б. Джумагазиева